

Лексикалық–грамматикалық және елтану

тестілері

9-сынып

1. Берілген сөйлемді толықтырыңыз. Ән.....

- A) тартылады
- B) қол соғады
- C) ойнаймыз
- D) айтамыз
- E) оқимыз

2. Мен бос уақытымда мектептегі спорт үйірмесіне қатыс⁺[^]⁺[□]. Сөйлемдегі шартты белгілерге келетін дұрыс қосымшаны белгілеңіз.

- A) –а+сың
- B) –а+мыз
- C) –а+мын
- D) –а+сыз
- E) –а+ды

3. Орфоэпия нормасына сай жазылған сөзді табыңыз.

- A) Жібек
- B) Көңіл
- C) Ауыл
- D) Қағаз
- E) Құлұн

4. Мына сөздердің ішінен синонимдерді табыңыз.

- A) Бұлт, жел
- B) Қатар, қарға
- C) Көмір, ағаш
- D) Шыны, әйнек
- E) Ұстаз, арай

5. “Тазалық – саулық негізі,

Саулық – байлық негізі” бұл мақалда не туралы айтып тұр?

- A) Егіншілік
- B) Батырлық
- C) Ас, тағам
- D) Ынтымақ
- E) Денсаулық

6. Ортақ сөзді табыңыз. *Жүргізуші, мұғалім, дәрігер, аспаз*

- A) мамандықтар
- B) жыл мезгілдері
- C) айлар
- D) оқу орындары
- E) туыстар

7. «қолы ашық» деген сөз тіркесінің синонимін табыңыз.

- A) ашық
- B) анық
- C) жылдам
- D) жомарт
- E) белгілі

8. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз. *Мен ертең Астанаға ...*

- A) кетемін
- B) келдім
- C) кетіпмін
- D) кеткенмін
- E) кеттім

9. Саған әншілер... кім ұнайды?

- A) -ге
- B) -нен
- C) -ден
- D) –дің
- E) -ме

10. Қажетті септеулікті көрсетіңіз.

«Әміре Қашаубаев Париждегі концерттен ... Еуропаға белгілі болды»

- A) алдында
- B) кейін
- C) бұрын
- D) туралы
- E) үшін

11. Қай сөйлемде болжам бар?

- A) Күнде сабаққа барамын.
- B) Ертең айтармын.
- C) Кеше театрға бардық.
- D) Бұрын досым маған жиі келетін.
- E) Алматы бұрын астана болған.

12. Көп нүктенің орнына қандай одағайды қолдану керек? ..., ауылдан көптен күткен әжем келді!

- A) алақай
- B) тәйт
- C) қап
- D) ойбай
- E) бәсе

13. Қандай шылау қою керек? Біз бүгін ерте шықтық, ... сабақтан қалып қойдық.

- A) және
- B) немесе
- C) біресе
- D) сол себепті
- E) бірақ

**14. Жұмбақты шешіңіз. Кішкене ғана қараша,
Туған жері тамаша.
Бір мезетте жер жүзін,
Алады шарлап қараса.**

- A) тіл
- B) жүрек
- C) көз
- D) саусақ
- E) қол

15. Әуес көріп жүгірген жас балалар,

Беті-қолы домбығып, үсік шалды.

Шидем мен тон қабаттап киген малшы

Бет қарауға шыдатпай, теріс айналды. Бұл Абайдың қай мезгілді суреттеген өлеңі?

- A) күз
- B) жазғытұры
- C) көктем
- D) қыс
- E) жаз

16. Өскемен қаласы Қазақстанның қай бөлігінде орналасқанын көрсетіңіз.

- A) батысында
- B) шығысында
- C) орталығында
- D) оңтүстігінде
- E) солтүстігінде

17. Қазақстан Республикасы Тәуелсіз республика болып жарияланған күнді атаңыз.

- A) 1993 жылы 15 қараша
- B) 1991 жылы 16 желтоқсан
- C) 1992 жылы 4 маусымда
- D) 1991 жылы 1 желтоқсан
- E) 1997 жылы 20 қазан

18. Шұғылалы Күн мен қалықтаған қыран құс, ою-өрнек бейнеленген рәміз.

- A) Елтаңба
- B) Ту
- C) Әнұран
- D) Ата заң
- E) Шекара

19. Қазақ ғарышкерлері

- A) Т.Жаманкүлов, С.Құдайбергенов
- B) Т.Бигельдинов, Р.Қошқарбаев
- C) Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев
- D) Л.Хамиди, М.Төлебаев
- E) Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин

20. Қазақтың ұлттық саз өнері аспабын белгілеңіз.

- A) баян
- B) мандолина
- C) домбыра
- D) скрипка
- E) комуз

Жазылым (эссе)

9-сынып

1. Түн болма, күн бол
2. Уақыттың бос өткені - өмірдің бос кеткені.
3. Білімдіден шыққан сөз

Оқылым

9-сынып

1-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Қолқанат

Сәкен шаруаға ұқыпты болды. Үстін тап-тұйнақтай таза ұстайтын еді. Ағайынды жетеуіміз. Сәкен бәрімізден үлкен. Жаздың күні ол бізден бұрын оянады да, үй шаруасына көмектеседі. Біз оянып, далаға шыққанда, Сәкен есік алдында жүреді. Ол бізді Қараөзек бойына соқпақ жолмен бастап алып кетеді. Мөлдір бұлақ басына барамыз да, жуынамыз. Сәкен әуелі кішкентай қарындасымыз Рахима, Халима, Сәлималарды жуындырады, шаштарын тарап, өріп береді. Содан кейін барып, өзі жуынады. Біздің күндегі әдетіміз – осы. Қайтадан қатар тізіліп алып, ауылға қарай жүреміз. “Айналайын, менің ақ қаздарым”, - деп анамыз есік алдынан бізді қарсы алады. Сәкеннің маңдайынан сүйіп жатып: - Қолқанатым менің! - дейді.

1. «Қолқанат» сөзінің аудармасын табыңыз.

- а) крыло
- ә) подручный
- б) помощник
- в) поддержка

2. Сәкеннің мінезіне лайық сөздерді табыңыз.

- а) суық, өткір, қатал, сараң
- ә) тапқыр, ақылды, пысық, елгезек
- б) бауырмал, қамқоршы, мейірімді, ұқыпты
- в) іскер, жауапты, адал, еңбекқор

3. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.

- а) Жаман туыстан жақсы таныс артық.
- ә) Ағасы бардың жағасы бар,

Інісі бардың тынысы бар.

б) Өле жегенше, ағайынмен бөле же.

в) Үйің жаман болса, күйің жаман.

4. Мәтінге сәйкес сөйлемді табыңыз.

а) Әрқашан таза жүруің керек.

ә) Өзіңнен кішілерге қамқоршы болуың керек.

б) Тек өзіңді ойлауың керек.

в) Ағайындарға көмектеспеуің керек.

5. Мәтінде қазақтың қандай ұлттық қасиеті туралы айтылған?

а) қонажайлылық

ә) кеңдік

б) ақкөңілділік

в) бауырмалдық

2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Бір бай той жасапты. Тойға көп адам келіпті. Қожанасыр да келіпті. Қожанасырдың үстіндегі киімі жаман екен. Қожаны ешкім елемепті, бұған төрге шық, тамақ же демепті. Қожа ақырындап далаға шығыпты. Үйіне барып, жақсы киімдерін киіп, қайта келіпті. Бұл жолы үй иесі Қожаға төрден орын беріпті. Ет келгенде:

- Қожеке, алыңыз, алыңыз!- деп қадірлепті. Қожа етті жемейді, табаққа шапанының жеңін малып:

- Же, шапаным, же,- деп отыра беріпті. Үй иесі өкпелеп:

- Сіз о не қылғаныңыз, шапан ет жей ме?- дейді.

Сонда Қожа:

- Сен мені сыйламайсың, киімді сыйлайды екенсің. Сондықтан жеңіме жегізіп отырғаным ғой,- деп жауап беріпті.

6. Мәтінге қандай ат лайықты?

а) Байдың үйі

ә) Қожанасырдың тойға баруы

б) Қожекеңнің киімі

в) Байдың өкпелеуі

7. Қожаның мінезіне лайық сөздерді табыңыз.

а) өсекші, өтірікші, қатал, сараң

ә) тапқыр, ақылды, қу, әділ

б) білімді, жуас, тұйық, қыңыр

в) іскер, пысық, алаяқ, арам

8. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.

а) Үйінде қартың болса — асыл қазынаң

ә) Үй баласымен базарлы,
қонағымен ажарлы

б) Киіміне қарап қарсы алады,
Біліміне қарап шығарып салады.

в) Үйің жаман болса, күйің жаман

9. Мәтінге сәйкес сөйлемді табыңыз.

а) Бай кедейлерді менсінбейді.

ә) Қожанасыр байды қатты сыйлайды.

б) Бай адамның бәріне бірдей қарайды.

в) Қонаққа нашар киіммен барған дұрыс.

10. Мәтінде қандай қазақ ұлттық киімі туралы айтылған?

а) тақия

ә) тон

б) шапан

в) мәсі

3-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

1	Ғ
2	
3	
4	
5	
6	

Ақселеу

А) Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты (астма) болатын. Бір үйдің жанынан өте бергенде, дәу қара төбет абалап үріп шыға келді.

Ә) Абыз Ақселеудің жанына келіп:

- Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашсаң, сен де аман қалатын едің,- деді.

- Мен қашсам, денсаулығың жоқ, алысқа жүгіре алмайтын сен тұтылып, мен құтылатын едім.

Б) - Ақселеу, қаш, әне, ит келіп қалды!- деп, Абыз айғайлап жүгіре жөнелді. Ақселеу жерден бір шыбық алып, қашпастан итке қарсы ұмтылды. Бірақ оның шалбары жырым-жырым болды.

В) - Ақселеу бала да болса, азамат екен!- деді екеуінің әңгімесін тыңдап тұрған бір ақсақал сүйсініп.

Г) Сені қорғап қалу үшін әдейі қашпадым,- деді Ақселеу.

Ғ) Екі дос үй-үйдің арасымен әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Ақселеу де, екіншісі – Абыз.

11. Мәтінге сәйкес ойды белгілеңіз.

а) Нағыз дос басыңа қауіп түскенде білінеді.

ә) Достар әрқашан бірге жүреді.

б) Аңқау бала ештеңе істемей тұрып қалады.

в) Батыл бала қорқып қашпайды.

12. Ақселеудің мінезіне лайық сөздерді табыңыз.

- а) жұмсақ, аңқау, ашық ауыз, жуас
- ә) мейірімді, батыл, бауырмал, азамат
- б) тұйық, қыңыр, сараң, қорқақ
- в) пысық, сөзшең, арам, қу

13. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.

- а) Батыр жарқырап жүреді,
Қорқақ қалтырап жүреді.
- ә) Батыр жарасыз болмас.
- б) Дос болсаң берік бол, досыңа серік бол.
- в) Әңгіме жол қысқартады.

14. Мәтіндегі антонимдерді табыңыз.

- а) қаш, жүгір
- ә) құтылу, тұтылу
- б) бала, азамат
- в) қорғау, құтылу

15. Мәтіннің тақырыбы не?

- а) батылдық
- ә) қулық
- б) достық
- в) туған жер

**ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ
КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК**

9-сынып

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

Ұлттық мұражай

1. Анна қандай мұражайға барды?

- a) халықаралық
- в) ұлттық
- с) қалалық

2. Ол мұражайдан қандай әсер алды?

- a) онша емес
- в) ұнамсыз
- с) ерекше

3. Ұлттық мұражайдан не туралы білуге болады?

- a) кинолар, мультфильмдер, спектакльдер туралы
- в) тарих, мәдениет туралы, рухани құндылықтар туралы
- с) ойындар, билер, әндер туралы

4. Анна үшін қандай экспонаттар таңсық болды?

- a) қару-жарақтар, киімдер
- в) киіз үй және оның ішкі жабдықтары
- с) суреттер мен мүсіндер

5. Анна киіз үйді...

- a) бұрын көрген
- в) бұрын көрмеген
- с) алғаш рет көріп тұр

6. Анна мұражайда киіз үй туралы нені көбірек білді?

- a) киіз үй туралы салт-дәстүрлерді

- в) адамдардың қалай отыратынын
- с) құрылысы, ішкі жабдықтары туралы

7. Киіз үй ... өмірге аса ыңғайлы.

- а) қазіргі
- в) көшпелі
- с) отырықшы

8. Аннаға ұлттық киімдер қандай болып көрінді?

- а) салтанатты
- в) үлкен
- с) тар

9. Анна мұражайдағы зергерлік бұйымдарды қалай бағалады?

- а) мүлдем көрікті емес
- в) қарайтын түгі жоқ
- с) нағыз шеберліктің үлгісі

10. Анна ұлттық мұражай туралы ... лебіз білдірді?

- а) жылы
- в) суық
- с) өткір

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Біздің мекенжайымыз:

- а) Орал қаласы, Сәтбаев көшесі, 6-шы үй
- ә) Алматы қаласы, Достық даңғылы, 15-ші үй
- б) Алматы қаласы, Абай даңғылы, 6-шы үй

2. Біздің пәтеріміз –

- а) екінші қабатта

ә) төртінші қабатта

б) жетінші қабатта

3. Пәтерімізде ...

а) асхана, төргі бөлме, жұмыс кабинеті, ас үй бар.

ә) төргі бөлме, жұмыс кабинеті, үш жатын бөлме бар.

б) төргі бөлме, жатын бөлме, менің бөлмем, ас үй бар.

4. Кіре берісте не бар?

а) айна

ә) дәліз

б) ас үй

5. Қай бөлмеде қабырғада кілем ілулі тұр?

а) жатын бөлмеде

ә) ас үйде

б) төргі бөлмеде

6. Төргі бөлменің ортасында не бар?

а) қабырға жиһазы және теледидар

ә) екі кереует және екі тумба

б) дөңгелек үстел және орындықтар

7. Жуынатын бөлме, әжетхана ... орналасқан.

а) бірге

ә) қатар

б) бөлек

8. Тоңазытқыш қайда тұр?

а) жатын бөлмеде

ә) ас үйде

б) дәлізде

9. Төргі бөлме дегеніміз не?

а) балалар бөлмесі

ә) жатын бөлме

б) қонақ бөлмесі

10. Ағамның үйі неше қабатты?

а) үш

ә) екі

б) бір

Лексикалық–грамматикалық және елтану
тестілері
10-сынып

1. Антонимдік жұпты көрсетіңіз.

- A) Әдейі – жорта
- B) Тоқпақ – қол ағаш
- C) Татуласу – жарасу
- D) Ащы – тұщы
- E) Тынығу – жату

2. Ырықсыз етісті табыңыз.

- A) жуынды
- B) ойланды
- C) сөйленді
- D) таранды
- E) киінді

3. Тұйық етістіктің жұрнағы жалғанғанда соңғы дыбысты өзгеріске ұшырайтын сөзді көрсетіңіз.

- A) Кел
- B) Бар
- C) Жап
- D) Айт
- E) Жүр

4. Сызықша дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Сусыз-өмір жоқ.
- B) Табиғат тірі - дүние.
- C) Су-тіршілік көзі.
- D) Балқаш-көлі ең таза көл.
- E) Орман ауаны-тазартпайды.

5. «Көзі ашық» деген сөз тіркесінің мағынасын табыңыз.

- A) көргіш
- B) анық
- C) жылдам
- D) білімді
- E) белгілі

6. Сан есімге байланысты қандай тыныс белгісі қойылады?

Көрініс 50 лерде.

- A) қос нүкте
- B) дефис
- C) үтір
- D) жақша
- E) нүкте

7. Синоним сөздерді табыңыз.

- A) Сұлу, бай, байтақ
- B) Ұлаң-байтақ, кең, ұлаң-ғайыр
- C) Жақын, шалғай, биік
- D) Алыс, үлкен, кең
- E) Таза, терең, мөлдір

8. Қонақ келерде үй тазарып қалды: үй ..., еден ...

- A) жинасты, жуысты
- B) жинатты, жуғызды
- C) жиналды, жуылды
- D) жиналмады, жуылмады
- E) жинамақ, жумақ

9. Осы шақтағы етістікті табыңыз.

А) Айтып кетті В) Әкеле жатыр С) Келді D) Сұрамақ Е) Барып келді

10. Сөйлемнің түрін анықтаңыз. Гүлдей бер, туған жерім

А) Құрмалас.

В) Лепті.

С) Сұраулы.

Д) Жалаң.

Е) Толымсыз.

11. Шектік мағынадағы демеулігі бар сөйлемді көрсетіңіз.

А) Оның жасы отыздарда. В) Біз тату тұрамыз.

С) Үшеуі тек маған амандасты.

Д) Бір – тақ сан. Е) Біз елдің ертеңіміз.

12. Жанама толықтауышты табыңыз.

«Кәсіпкерлер кәсіптеріне қаржыны өздері табады».

А) Кәсіптеріне В) Қаржыны С) Өздері D) Табады Е) Кәсіпкерлер

13. Мақалды толықтырыңыз. «... өмір – сөнген көмір.»

А) Еңбексіз. В) Бақытсыз. С) Ақшасыз. D) Сенсіз. Е) Жұмыссыз.

14. Тұйық етістікті көрсетіңіз.

А) түзу В) баяу С) күлу D) жаяу Е) сұлу

15. Одағайдың білдіретін мағынасын анықтаңыз.

Әттең, бүгін кешікпей келгеніңде үлгіретін едің!

А) Бұйыру. В) Жекіру. С) Таңдану. D) Шаттану. Е) Өкіну.

16. Қазақ музыкасын әлемге тұңғыш танытқан әншіні көрсетіңіз.

А) К.Бәйсейітова. В) Қ.Жандарбекова. С) К.Қуанышбаев. D) Ә.Қашаубаев. Е) Б.Төлегенова.

17. Астананың орналасқан жерін табыңыз.

А) Сарыарқа даласы. В) Көкшетау бауыры. С) Науырзым қорығы. D) Бетпақ даласы.

18. Толықтырыңыз: Тудағы қанатты қыран ... белгісі.

А) бақыттың. В) еркіндіктің. С) заманның. D) уақыттың. Е) қуаныштың

19. Қазақстанда мекендейтін аңды анықтаңыз.

А) Арыстан. В) Пыл. С) Кенгуру. D) Маймыл. Е) Түлкі.

20. Ежелгі Отырар қай облыста екенін табыңыз.

А) Солтүстік Қазақстан. В) Жамбыл. С) Оңтүстік Қазақстан. D) Қызылорда. Е) Алматы

Жазылым (эссе)

10-сынып

1. Менің Қазақстаным
2. ИТ – жеті қазынаның бірі
3. Жақсылық пен жамандық

ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК

Оқылым

10-сынып

1-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

басы	С
1	
2	
3	
4	
5	

А. “Рахат өмір біздің елде, сендер секілді біз көп әуре болмаймыз, олар саған әдейі ең ауыр жұмыс бөліп берген” дегендей әңгімелер айтады. Күлкінің мінезі күрт өзгереді. Ол арамдық ойлап, өз пайдасы үшін достарын сатып кетеді. Олар күндіз-түні тамақ ішіп, ішкен астарын жинамай ұйықтап, Достық еліндегі адамдарды мазақтап күледі екен.

В. Достық елінің тыныс-тіршілігі өзгереді. Жақсылық, Қуаныш, Еңбекқор өз жұмыстарын баяғыдай атқара береді. Бірақ Күлкі қайтып оралмайды.

С. Ертеде Достық атты ел тату-тәтті өмір сүріпті. Оларға басқа елдер қызыға қарайды екен. Достық елінің тұрғындарының бақытты да қызықты өмірлерін Қастық елінің халқы көре алмайды.

Д. Бір күні Қастық елінің көптен күткен арманы орындалып, Достық елінде алауыздық пайда болады. Төрт бауыр достың арасы алшақтай бастайды. Ақыры Қастық елінің басқарушылары Ұйқы мен Тамақ, Күлкіге достарын жамандап, араларына от салады.

Е. Осы оқиғадан кейін Күлкі, Ұйқы, Тамақ үшеуі бірге өмір сүріпті. Содан кейін жұрт оларды «Үш арсыз» деп атап кетсе керек.

Ғ. Достық елін төрт беделді жақын дос басқарады. Олар Жақсылық, Қуаныш, Еңбекқор және Күлкі. Жақсылық жанындағы адамдарға әрдайым көмектесіп, жақсы іс-әрекет жасайды. Қуаныш адамдарды разы етіп, қуантады. Ал, Еңбекқор азаннан ерте тұрып, ерінбей еңбек етуді, Күлкі болса ертемен еңбек етіп шаршаған адамдарға қуаныш сыйлап, күле білуді, оның рахатын сезінуді дәріптейді.

Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:

1. «араларына от салады» сөзіне қарама-қарсы мағынадағы сөзді табыңыз.

- a) іс-әрекет жасайды
- b) татуластырады
- c) алшақтатады
- d) мазақтайды
- e) араздастырады

2. Мәтін ненің пайдасы туралы?

- a) қастық, еріншектік, алауыздық
- ә) өтірік, ұйқы, тамақ
- c) байлық, өсек, күлкі
- d) еңбекқорлық, бірлік, достық
- e) татулық, жалқаулық, елгезектік

3. Күлкінің жақсы ісі неде?

- a) мазақтау, келемеждеу
- ә) кемсіту, мұқату
- c) қуанту, демалту
- d) аялау, аяу
- e) жасыру, жоқ қылу

4. Мәтін мазмұнына жақын мақалды анықтаңыз.

- a) Байлық, байлықемес, бірлікбайлық.
- ә) Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.
- c) Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.
- d) Ойыннан от шығар.
- e) Адам туа жаман болмайды.

5. «Көре алмайды» сөзімен мағыналас сөзді табыңыз.

- a) қызығады
- ә) өкпелейді
- c) қызғанады
- d) қуанады
- e) соқыр

2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Жақсылық пен Жамандық

Жасы үлкен ата мен оның немересі үйдің алдында ырсылдап, арпалысып жатқан екі итке қарап отырыпты.

Иттердің біреуі ақ, екіншісі қара. 12 жасар немере өзін білгелі осы иттер үнемі атасының үйі алдында арпалысып жататын. Атасы көзін алмай қарайтын ірі иттер еді бұлар.

Немере: «Ата, иттеріңіз соншалықты үлкен - үйіңізді қорғауға біреуі де жетер еді ғой, неге екеуін ұстайсыз? Ал түстері ше - неге біреуі ақ, екіншісі қара болуын қаладыңыз?» деп сұрады атасынан.

Жасы 70-ке жеткен ата немересіне күлімдеп қарады да:

"Олиттерім," деді, "мен үшінекі таңба, балам."

- Нені таңбасы?

- Жақсылық пен жамандықтың. Тура осы иттерге ұқсап, ішіміздегі жақсылық пен жамандық үнемі күресіп жатады. Иттерге қараған сайын соны ойлаймын.

Сол үшін оларды қасымда ұстаймын.

Кішкентай бала, күресболса онда жеңген мен жеңілген де болуы керек деп:

"Қалай ойлайсыз, осы күресті қайсысы жеңіп шығады екен?"

Атасы балаға күлімдеп қарап:

"Қайсысы дейсің ба, балам? Мен қайсысына көп тамақ берсем - сол!"

Мәтінге байланысты тест тапсырмалары:

1. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.

- a) Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді.
- ә) Жақсылық ұмытылмас.
- с) Жақсылық пен жамандық егіз.
- d) Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы.
- e) Жақсыда кек жоқ.

2. Мәтінде қандай антоним есімшелер бар?

- a) жақсылық пен жамандық
- ә) ақ пен қара
- с) ата мен немере
- d) жеңген мен жеңілген
- e) үлкен және кішкентай

3. Бұл әңгіме атаның қандай қасиетін көрсетеді?

- a) қулық
- ә) жомарттық
- с) даналық
- d) мейірімділік
- e) аңқаулық

4. Мәтіндегі негізгі ой қандай?

- a) Күресболса, онда жеңген мен жеңілген де болуы керек.
- ә) Мен қайсысына көп тамақ берсем – сол.
- с) Ішіміздегі жақсылық пен жамандық үнемі күресіп жатады.
- d) Ол иттерім – мен үшін екі таңба.
- e) Иттерге қараған сайын соны ойлаймын.

5. «Мен қайсысына көп тамақ берсем – сол» дегеннің ауыспалы мағынасы не?

- a) бір итті көбірек жақсы көру
- ә) барлық жағдайда жомарт болу
- с) үнемі жайсаңдық пен жайдарлық таныту
- d) жақсылық пен жамандықтың біреуіне жол беру
- e) сараң болмау

3-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Тараз қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде Ямайка азаматтары ағылшын тілінен сабақ беріп жүр. Жуырда солардан сұхбат алу сәті түсті. Келинг Смолл (Keeling Small) - Дебора Ватсон-Смоллдың (Deborah Watsan-Small) күйеуі.

«Турист болып көп жерге бардық, алайда Қазақстаннан басқа жерде жұмыс істеген емеспіз», - дейді Дебора Ватсон-Смолл. "Күйеуім екеуміз мұғалімбіз. Өзімізді шетелде сынап көру үшін британиялық «ТІС» деген бағдарламаға құжаттарымызды жинап өткіздік. Содан олар педагогикалық жетістіктерімізді бағалап бізге Қазақстанды ұсынды. Осында келгенімізге үш жыл болды. Келингтің жасы қырық бесте, мен отыз бестемін. Бір ұл, бір қызымыз бар. Ұлым орыс сыныбында оқиды, қызым балабақшадағы қазақ тілді топқа барады».

- Өз елдеріңізге барған соң уақыт өте келе «Қазақстан» деген сөзді естігенде, ең бірінші ойларыңызға не түседі?

- Байқоңыр! Сіздерде Байқоңыр ғарыш айлағы бар. Әлемде ең бірінші рет адам баласы осы қазақ даласынан ғарышқа ұшты. Соны неге өздеріңіз игермейсіздер? Әлемдік алпауыт мемлекеттер келіп сіздерден зымырандарын ұшырады. Жергілікті халық оны теледидардан ғана көріп отыр. Дүниежүзіндегі ең керемет нүкте — ол Байқоңыр ғарыш айлағы. Мен соған қызығамын және сіздерге ғарышты игеруге тілектеспін.

- Дебора, Қазақстан сізді несімен таңғалдырды?

Дебора: - Өткен жылғы қыс мені таңғалдырды. Қар аз жауды. Күн қатты суымады.

- Жергілікті газет-журналдарды оқисыздарма?

Арналардан қандай бағдарламаны көресіздер?

Келинг: - Қызым «Балапан» арнасын көреді. Ал Деборам екеумізде ақпаратты интернет арқылы Ямаиканың газет, журналы оқимыз.

- Қазақтың бойындағы қандай ерекшелікті байқадыңыздар?

Келинг: - Сіздерде жүріп жатқан түрлі реформалардың жемісін көру үшін әлі де уақыт керек. Менің бір байқағаным, Қазақстан – отбасылық құндылық пен ата-дәстүрге берік азиятты күлгідегі халық. Сіздерде әулеттің үлкені не айтса, сол Конституциядан да жоғары тұрады екен.

	Шын	Жалған	Бұл туралы айтылған жоқ
	А	В	
1. Келинг пен Дебора әлемнің көп елдерінде жұмыс істеген.			
2. «Қазақстан» деген сөзді естігенде, Келинг пен Дебораның ойына ең бірінші Байқоңыр айлағы түседі.			
3. Қазақстанда Дебораны қыстың суықтығы таңқалдырды			
4. Келинг пен Дебораның ұлы қазақша телеарнаны қарайды.			
5. Келинг пен Дебораның қызы қазақша таза сөйлейді.			

ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК

10-сынып

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Бұл диалог қайда өтіп жатыр?

- а) шетел елшілігінде
- ә) ғылым орталығында
- б) қазақ тілі орталығында

2. Орталықта қандай жаңалық?

- а) Орталыққа жаңа президент сайланды.
- ә) Орталыққа бүгін жаңа адам қосылады.
- б) Орталықтың аты өзгерді.

3. Орталыққа келген жаңа адам қай жерден?

- а) Ресейден
- ә) Португалиядан
- б) Аргентинадан

4. Мартинаның жасы нешеде?

- а) отызда
- ә) жиырма алтыда
- б) жиырма үште

5. Мартинаның мамандығы қандай?

- а) оқытушы
- ә) ғалым
- б) суретші

6. Мартинаның тақырыбы қандай?

- а) күрделі етістіктер
- ә) күрделі сөздер
- б) күрделі оралымдар

7. Мартинаның бойы қандай?

- а) аласа бойлы
- ә) ұзын бойлы
- б) мәтінде айтылмаған

8. Қазақ тілі орталығының жиналысы қашан болады?

- а) сәрсенбіде
- ә) бейсенбіде
- б) жексенбіде

9. Мартина қай салада жұмыс істейді?

- а) тіл
- ә) өнер
- б) тарих

10. Мартина Орталықтың мүшелерімен қашан танысатын болды?

- а) келесі аптада
- ә) келесі жексенбіде
- б) сәрсенбіде

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

Қазақтар «құдайы қонаққа» қалай қарайды?

- а) Жақсы көңіл-күймен қарсы алмайды.
- ә) Үйіне кіргізбейді.
- б) Жақсы қарсы алады.

2. Қазақ халқының ойынша, қонақпен не келеді?

- а) жамандық
- ә) құт, ырыс
- б) аштық.

3. Қазақ үшін қонақты қарсы алмау деген не?

- а) ұят
- ә) ештеңе
- б) дәреже

4. Қазақтардың ойынша, қонақты қусаң не болады?

- а) қуанасың
- ә) өкінесің
- б) құт, ырыс қашып кетеді

5. Қонақ келгенде үй иесі не істеу керек?

- а) орнынан қозғалмау
- ә) есікті өзі ашып, қонақтарды үйге кіргізіп, өзі қонақтардан кейін кіріп, есікті жабуы керек.
- б) есікті қонақтарға аштырып, есікті өзі жабуы керек.

6. Қонақтарға ең алдымен не береді?

- а) шай
- ә) ет
- б) қымыз, шұбат

7. Қонақтары көңілді отыруы үшін қазақтар не істеген?

- а) теледидар қосып қойған
- ә) ауылдағы әнші, күйшілерді шақырған
- б) ештеңе істемеген

8. Қонақты жақсы қарсы алған үйді қалай атаған?

- а) сараң үй
- ә) нашар үй
- б) мырза үй

9. Қазақ халқы қандай халық?

- а) қатыгез
- ә) қонақжай
- б) тұйық

10. Келген қонақты қазақ қайда отырғызады?

- а) балалар бөлмесіне
- ә) дәлізге
- б) төрге

Лексикалық–грамматикалық және елтану
тестілері
11-сынып

1. Ауыспалы мағыналы сөзді табыңыз.

- A) Қара сиялы қалам.
- B) Қисық бұтақ.
- C) Қоңыр дауыс.
- D) Білімді оқушы.
- E) Қызыл гүл

2. Мақалды толықтырыңыз.

Ғалыммен жақын болсаң, қолың жетер, залыммен жақын болсаң ... кетер.

- A) Басың B) Жолың C) Жүрегің D) Гүлің E) Кітап

3. Жақсыз сөйлемді табыңыз.

- A) Жаз. Егіс даласы. B) Менің сабақ оқығым келеді. C) Мен ауылға бардым.
- D) Ертең осы жерге кел. E) Балам, қайдан келдің?

4. Көп нүктенің орнына қандай сөз жазу керек? Жиналыс ай ... өтіп тұрады.

- A) байланысты
- B) туралы
- C) сайын
- D) үшін
- E) бойынша

5. Құрмалас сөйлемнің түрін анықтаңыз. *Автобус бірде тез жүреді, бірде баяу жүреді.*

- A) Талғаулы салалас құрмалас сөйлем. B) Іліктес салалас құрмалас сөйлем.
- C) Кезектес салалас құрмалас сөйлем. D) Сабақтас құрмалас сөйлем.
- E) Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.

6. Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

A) Бұл түн менің ең соңғы көрген дүнием болғандықтан, көп нәрселер әлі көз алдымда тұрады.

- B) Өзеннің суы тайыз болғанмен, жағасы тік.
- C) Біресе жаңбыр жауып, біресе қар жауады.
- D) Жақыпбек ойлардан серпілгісі келіп, романның бірін алып оқуға кірісті.
- E) Шай жиналысмен, қонақтарды Мырзаш шақырып әкетті.

7. Үтір мен леп белгісінің қойылу себебін белгілеңіз. **Ойпырмай, күннің суығын-ай!**

- A) Еліктеуіш сөз B) Қыстырма сөз C) Одағай сөз D) Оқшау сөз E) Қаратпа сөз

8. Ойдың кімнен шыққанын білдіретін қыстырма сөзді анықтаңыз.

- A) Қорыта айтқанда. B) Бақытына қарай. C) Оның пікірінше. D) Екіншіден. E) Мүмкін

9. «Көзі ашық» сөзінің антонимін көрсетіңіз.

- A) Елгезек. B) Білімді. C) Оқыған. D) Аңқау. E) Надан.

10. Одағайдың білдіретін мағынасын анықтаңыз.

Әттең, бүгін кешікпей келгеніңде үлгіретін едің!

- A) Бұйыру. B) Жекіру. C) Таңдану. D) Шаттану. E) Өкіну.

11. Еліктеу сөздің сөйлемдегі қызметін белгілеңіз.

Біза мен ашу қысып, қалш-қалш етеді.

- A) Пысықтауыш. B) Анықтауыш. C) Баяндауыш. D) Толықтауыш. E) Бастауыш.

12. Үтірдің қойылу себебі, дұрысын белгілеңіз.

Мүмкін, келіп қалар.

- A) Еліктеу. B) Одағай. C) Қаратпа. D) Қыстырма. E) Шылау

13. Тыныс белгісі дұрыс қойылған орынды көрсетіңіз.

- A) «Сөйлемді сауатты құрастырған жөн», - деді мұғалім.

- В) «Сөйлемді сауатты, құрастырған жөн» - деді мұғалім.
- С) «Сөйлемді сауатты құрастырған жөн» - деді мұғалім.
- Д) Сөйлемді сауатты; құрастырған жөн, - деді мұғалім!
- Е) Сөйлемді сауатты; құрастырған жөн - деді мұғалім.

14. Мына сөйлемге қай шылау лайық , көрсетіңіз.

Кейбір өсімдіктердің өзінен сүт бөліп шығаратыны ертеден- ... белгілі.

- А) –ді. В) –мыс. С) –ақ . D) –ай. E) –ау.

15. Таңдану одағайын көрсетіңіз.

- А) Апырай. В) Әттеген-ай. С) Уһ. D) Қап. E) Кәні.

16. Қазақ хандығының құрылғанына неше жыл болды?

- А) 200 жыл
- В) 400 жыл
- С) 350 жыл
- Д) 550 жыл
- Е) 700 жыл

17. «Екінші Мекке» деп атанған қаланы анықтаңыз.

- А) Түркістан. В) Шымкент. С) Қызылорда. D) Семей. E) Тараз.

18. Ұлттық валютамыз айналымға енгізілген жылды белгілеңіз.

- А) 1991 жылы 16 желтоқсан В) 1990 жылы 25 қазан С) 1992 жылы 4 маусым
- Д) 1993 жылы 15 қараша E) 1995 жылы 30 тамыз

19. «Тілашар» тойы қашан өткізілетінін белгілеңіз.

- А) Балабақшаға барғанда.. В) Бала мектепке барғанда. С) Бала енді жүре бастағанда.
- Д) Жоғары оқу орнына түскенде. E) Мектеп бітіргенде.

20. Қазақстанның солтүстігінде орналасқан қалаларды көрсетіңіз.

- А) Атырау, Орал. В) Көкшетау, Қостанай. С) Маңғыстау, Ақтөбе. D) Алматы, Қызылорда.
- Е) Шымкент, Жамбыл.

Жазылым (эссе)

11-сынып

1. Шет елде білім алу - шетелдік болып кету деген сөз емес
2. Адам бір-біріне қонақ
3. Қарттар – асыл қазына

**ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ
КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК**

Оқылым

11-сынып

1-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

1	В
2	
3	
4	
5	
6	

А) Содан бері Көкшетау өңіріндегі қыз құлаған жерде пайда болған тас – Жұмбақтас, оқ жетпеген тау – Оқжетпес деп аталып, елге аңыз болып тараған екен.

Ә) Сайысқа түскен бірде-бір жігіттің оғы тау басына жетпейді. Өзінің кедейлігінен қысылып, кейіндеу тұрған жарлы жігіт әлден соң намыс үшін сайысқа қатысады.

Б) Мұны білген әкесі әрі ойланып, бері ойланып, мынадай шешімге келеді:

- Мен қызымды анау таудың басына шығарамын. Кімде – кімнің садағының оғы соған жетсе, сол жігітке қызымды беремін, - дейді.

В) Ертеде бір байдың қызы болыпты. Өзі ерекше ақылды екен. Бай қызын теңіне қосуды армандаған.

Бірақ қыз кедей жігітті ұнатып қалады.

Г) Бірінші атқанда, оның оғы тау басына жетпейді. Қыз сүйіктісіне көмектесейін деп әдемі ән салады.

Ғ) Әнді естіген жігіт тағы да оқ атады. Бірақ ол да жетпейді. Үшінші рет атуға болмайтынын ойлаған қыздың көзі қарауытып, ол биік шыңнан құлап кетеді.

1. Бұл аңыз не туралы?

- а) достық
- ә) сүйіспеншілік
- б) елжандылық
- в) балалық

2. Аңызда аталған жерлер Қазақстанның қай өңірінде орналасқан?

- а) оңтүстік
- ә) Көкшетау
- б) Сарыарқа
- в) батыс

3. Бай нені армандаған?

- а) Қызының әке жанында қалуын
- ә) Қызының батыл жігітті табуын
- б) Қызының ақылды жігітке шығуын
- в) Қызының байлығы жағынан тең жігітке шығуын

4. Қыз қандай жігітті ұнатты?

- а) бай
- ә) орта қол
- б) кедей
- в) іскер

5. Жұмбақтас туралы қай ақын өз поэмасында жазған?

- а) І.Жансүгіров
- ә) Қ.Мырза Әлі
- б) С.Торайғыров
- в) С.Сейфуллин

2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Армысың, жас ұрпақ!

Өмір, шіркін, адам үшін бір жалт еткен сәуле екен, мен оны тоқсанға келгенде өз көзіммен көріп отырмын. Қол дірілдемеген, көз бұлдырамаған, кәрі жүрек шабысынан танбаған шақта аталарың батасын бермекші, қарақтарым, құлақ сал.

Адамның басшысы-ақыл, жетекшісі-талап, шолушысы-ой, сынаушысы-халық, қорғаушысы-сабыр, таусылмайтыны-арман, ең қымбаттысы-ар, барлығының ардақтысы-өмір. Өмір бір-ақ рет беріледі, жарқ етіп өте шығады. Сондықтан әр күніңді ардақта, әр мезетіңнің құнын біл. Дүниедегі ең қызық-сыйласу, ең қымбат-сыйласу, ең жақсы-сыйласу, ең тәтті де сыйласу, ұмытпа, ұмытпа.

Ал сау болыңдар, ұрпақтар. Менің сендерге деген махаббатым шексіз. Менің берген батамды мұра етіндер. Мен сендерге тыныш өмір, үлкен бақыт тілеймін. Мерейлерің үстем болсын. Теңіз күрсінбесін, таулар сілкінбесін!

Қош!

Аталарың Ыбырай Жақаев.

6. Бұл сөздердің авторы Ы.Жақаев кім?

- а) ғалым
- ә) малшы
- б) күрішші
- в) жазушы

7. Автор өзінің жастарға үндеуін не деп атайды?

- а) өлең
- ә) бата
- б) аманат
- в) хат

8. Автордың негізгі ойы не туралы?

- а) Өмірдің әр күнін, әр мезетін бағалай білу туралы
- ә) Өзінің тоқсанға келгендігі туралы
- б) Жастарға махаббаты шексіз екендігі туралы
- в) Автордың бата бергісі келіп тұрғаны туралы

9. Ы.Жақаевтың ойынша, өмірдің мәні неде?

- а) көңілді жүруде
- ә) еңбек етуде
- б) сыйласуда
- в) іскерлікте

10. Мәтінге сай ойды табыңыз.

- а) Өмір – бір сәт, ойна да күл!
- ә) Адам ақыл–ойлы, арлы, сабырлы, арманшыл, талапты болуы керек.
- б) Адамдардың бәрін сыйлау қажет емес.
- в) Арсыз, талапсыз, армансыз адамдар да бақытты болады.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Мамандығым – мақтанышым

Қазіргі кезде дүние жүзінде мамандықтар өте көп. Олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Кейбіреулері адамнан ақыл-ой қабілетін, теориялық білімді қажет етсе, екіншілері білік-дағдыларды, осы заманғы техниканы меңгеруді талап етеді. Алайда қандай мамандықтағы адамға болсын, адамдармен тіл табысу, яғни коммуникативтік күзiрет те, тілдік күзiрет те өте қажет. Себебі әр маман ең бірінші адамдармен сөйлеседі және тіл арқылы қарым-қатынас жасайды.

Жапондықтардың пікірі бойынша, дүние жүзіндегі ең беделді мамандықтар электроншы-бағдарламашы және заңгер болып есептеледі. Біздің мамандығымыз ондай болмаса да өз жұмысымызды мақтан етеміз. Қоғамымыздың қай саласында жұмыс істесек те, ең басты мақсат – халыққа, елге қызмет ету, оның шаруашылығын өркендету, республикамызды әлемге таныту. Ол үшін алған білімімізді үнемі дамытуға, шетел тілдерін еркін игеруге, қазіргі түрлі технологияны меңгеруге ұмтыламыз.

Республикада жастардың зәру мамандықтарды игеруіне түрлі халықаралық бағдарламалар көп көмектеседі.

11. Бұл мәтіннің авторы кім?

- а) ғалым
- ә) бағдарламашы
- б) белгісіз
- в) заңгер

12. Автор жастарды неге шақырады?

- а) көп мамандықты білуге
- ә) адамдармен тіл табысуға

- б) халықаралық бағдарламаларға қатысуға
- в) білімді үнемі дамытуға, шетел тілдерін еркін игеруге, қазіргі түрлі технологияны меңгеруге

13. Автордың негізгі ойы не туралы?

- а) дүние жүзіндегі ең беделді мамандықтар – электроншы-бағдарламашы және заңгер
- ә) ең басты мақсат – халыққа, елге қызмет ету, оның шаруашылығын өркендету, республикамызды әлемге таныту.
- б) адамдармен тіл табысу, яғни коммуникативтік құзірет те, тілдік құзірет өте қажет
- в) әр маман ең бірінші адамдармен сөйлеседі және тіл арқылы қарым-қатынас жасайды

14. Мәтінде қандай синонимдер бар?

- а) дамыту, тіл табысу
- ә) қызмет ету, өркендету
- б) меңгеру, игеру
- в) ұмтылу, мақтан ету

15. Мәтінге сай ойды табыңыз.

- а) Өмір – бір сәт, ойна да күл!
- ә) Адам ақыл–ойлы, білімді, талапты болуы керек.
- б) Адамдардың бәрін сыйлау қажет.
- в) Арсыз, талапсыз, армансыз адамдар да бақытты болады.

**ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ
КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК**

Тыңдалым

11-сынып

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Сая Айшаның үйіне қалай жетті?

- а) ұзақ жүрді
- ә) адасқан жоқ
- б) көлікпен

2. Сая құрбысын немен құттықтады?

- а) туған күнімен
- ә) Наурыз мейрамымен
- б) жаңа пәтерімен

3. Айшаның пәтері қайда орналасқан?

- а) орталықта
- ә) жұмысының жанында
- б) орталықтан алысырақ

4. Айшаның пәтері немен жақсы?

- а) Қонақ бөлмесі жатын бөлмелерден кеңірек.
- ә) Қаланың шетінде орналасқан
- б) Қонақ бөлмесі көше жақта

5. Сая Айшаға қандай тілек айтты?

- а) Шаңырақ биік болсын!
- ә) Той көп болсын!
- б) Қонақ көп келсін!

6. Саяның пәтері қай жерде?

- а) орталықта
- ә) ықшамауданда
- б) орталықтан алысырақ

7. Саяның пәтерінде қай бөлме бәрінен жақсы?

- а) жатын бөлме
- ә) жұмыс кабинеті
- б) ас үй

8. Айшаға қандай күнперделер ұнайды?

- а) ақшыл
- ә) қоңыр
- б) таза

9. Кімнің пәтерінде бөлмелері көп?

- а) екеуінің де
- ә) Саяның
- б) Айшаның

10. Кім кітапты көбірек оқиды деп ойлайсыз?

- а) екеуі де
- ә) Сая
- б) Айша

2-тапсырма. (1-9) Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Ыбырай Алтынсарин Қазақстанның қай бөлігінде дүниеге келген?

- а) Шығыс Қазақстан
- ә) Солтүстік Қазақстан
- б) Оңтүстік Қазақстан

2. Ыбырайды кім тәрбиеледі?

- а) әкесі
- ә) атасы
- б) нағашысы

3. Мектепте ол алғаш рет қай тілде оқыды?

- а) қазақ
- ә) орыс
- б) татар

4. Ыбырай Алтынсарин қазақ балалары үшін қандай қызмет атқарды?

- а) мектептер ашқан, музыка туралы кітаптар жазған
- ә) мектептер ашқан, тарихи кітаптар жазған
- б) мектептер ашқан, өлеңдер, әңгімелер жазған

5. Ыбырай Алтынсарин мектеп оқушыларына арнап қандай кітаптар жазған?

- а) «Қырғыздар туралы жазбалар», «Жоңғария очерктері»
- ә) «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін оқыту құралы»
- б) «Дала қоңырауы», «Татьянаның әні»

6. Ыбырай Алтынсарин кімдердің шығармаларын қазақ тіліне аударған?

- а) Толстой, Ушинский
- ә) Крылов, Лермонтов
- б) Пушкин, Есенин

7. Ыбырай Алтынсарин өз шығармаларында балаларды неге шақырды?

- а) спортқа, өнерге, еңбекке
- ә) білімге, еңбекке, адалдыққа
- б) ғылымға, байлыққа, ойынға

8. Қазір барлық балалар Ыбырайдың қай өлеңін жатқа біледі?

- а) «Атымтай Жомарт»
- ә) «Өзен»
- б) «Кел, балалар, оқылық»

9. Ыбырай Алтынсарин туралы қай ақын «Дала қоңырауы» поэмасын жазған?

- а) М.Мақатаев
- ә) Ғ.Қайырбеков
- б) Ә. Сәрсенбаев

10. Республикадағы қай мекеме Ы.Алтынсаринның есімімен аталған?

- а) педагогика ғылыми-зерттеу институты
- ә) философия ғылыми-зерттеу институты
- б) әдебиет ғылыми-зерттеу институты